



ХАТТАМА

Алматы қаласы

«02» тамыз 2023 жыл

Байқау кеңесі отырысының № 4 хаттамасы

Алматы қ. Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының
ШЖҚ «Қалалық кардиологиялық орталық» КМК
Байқау кеңесінің отырысы

Кәсіпорынның толық атауы: Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық кардиологиялық орталық» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Төле би көшесі, 93

Отырысты өткізу нысаны-бейне байланысты пайдалана отырып, бетпе-бет дауыс беру.

Отырысты шақырудың бастамашысы - Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық кардиологиялық орталық» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі-Кәсіпорын).

Дауыс беруге қатысатын Байқау кеңесінің мүшелері:

Төраға: Несіпқалиев А.Ж. – «Сенім» ДСЖЖСО» РҚБ Алматы филиалының төрағасы

Мүшелері:

Иманғалиева Л.Т. – Алматы қ. ҚДСБ басшысының орынбасары

Кенекеева А.Е. - №4 ҚКА заңгері

Буркитбаев Е.Ө. – «Астана медицина университетінің» аға оқытушысы

Байқау кеңесінің отырысын өткізуге арналған кворум-бар және Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының және Алматы қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 4/568 "Алматы қаласы Денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның Байқау кеңесінің отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі туралы" қаулысымен бекітілген талаптарына сәйкес келеді.

Шақырылғандар – Куанышбеқова Р.Т.

БАЙҚАУ КЕҢЕСІНІҢ КҮН ТӘРТІБІ

1. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының «Қалалық кардиологиялық орталығы» ШЖҚ МКК директоры лауазымына орналасуға жіберілген кандидаттармен әңгімелесу өткізу туралы.

Күн тәртібін жариялау қорытындысы бойынша дауыс беру ұсынылды:

"Қарсы емес" - 4 дауыс (Несіпқалиев А., Иманғалиева Л., Кенекеева А., Буркитбаев Е.)

"Қарсы" - 0 дауыс

"Қалыс қалды" - 0 дауыс

Күн тәртібі бойынша Байқау кеңесінің шешімі:

Ұсынылған күн тәртібі бекітілсін.

ТЫҢДАЛДЫ:

ҚКО Байқау кеңесінің төрағасы А.Ж. Несіпқалиев:

- Қайырлы күн құрметті Байқау кеңесінің мүшелері.

Денсаулық сақтау саласындағы Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органының немесе алқалы атқарушы органының басшысының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшысының бос лауазымына орналасу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № ҚР ДСМ-58/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органының немесе алқалы атқарушы органы басшысының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшының бос лауазымына конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығында айқындалған тәртіппен өткізілетін конкурстық іріктеу негізінде жүзеге асырылатыны белгілі.

Кандидаттар ұсынған Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының ШЖҚ "Қалалық кардиология орталығы" КМК директорының бос лауазымына орналасу конкурсына қатысу құжаттарын қарау қорытындысы бойынша Куанышбекова Роза Тохтаналиевна әңгімелесуге жіберу туралы шешім қабылданды, бұл туралы хатшы белгіленген тәртіппен хабардар етті.

Кандидат Куанышбекова Роза Тохтаналиевна:

- Қайырлы күн құрметті Байқау кеңесінің мүшелері, мен 2023 жылдың 30 маусымынан бастап кәсіпорынның директорының міндетін уақытша атқарушы болып жұмыс істеймін. (*Кәсіпорынның дамуы туралы презентацияның көшірмесі тіркелді.*)

Несіпқалиев А. Ж. – Рахмет Роза Тохтаналиевна! Құрметті Байқау кеңесінің мүшелері егер сұрақтарыңыз болса, қоя аласыздар. Менің сұрағым бар:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары қандай?

Куанышбекова Р. Т. :

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мынадай қағидаттар негізінде жүзеге асырылады:

- 1) заңдылық;
- 2) адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғаудың басымдығы;
- 3) жариялылық пен ашықтық;
- 4) мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимылы;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
- 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау және көтермелеу;
- 8) сыбайлас жемқорлық бұзушылықтар жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы

2. Алматы қаласының №12 орталық ауруханасында науқастарды емдеу кезінде АИТВ/ЖИТС жұқтыру жағдайлары орын алғаны белгілі. Оны қайталамау үшін Кардиоорталықта қандай алдын алу шараларын қолдану қажет?

- Иә, бұл үлкен тәуекел. Жаңа өздеріңізге көрсеткендей, біз алдымен ЦСО-дағы жағдайды дұрыстауға көштік, себебі осы жерде медициналық құралдарды зарарсыздандыру басталады. Біз барлық қауіпсіздік шараларын сақтап отырмыз. Мейіргерлер құралдарды қалың резина колғап, арнайы қысқышпен ұстайды.

Иманғалиева Л.Т. – тәртіптік жазаның қандай түрлері бар?

Куанышбекова Р. Т. :

- Жұмыскердің тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін жұмыс беруші Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда, мынадай:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;

4) еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу түріндегі тәртіптік жаза қолдануға құқылы.

Буркитбаев Е.Ө. – Мен Сізге сұрақтарды презентацияңызға қатысты қойғым келіп отыр:

- 1) Сіз жаңа үлкен кредиттік берешек бар дедіңіз, соны шешудің нақты жолдарын айтыңызшы?
- 2) 9 үлкен мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізген жағдайда мемлекетке ҚКО қажет деп ойлайсыз ба?
- 3) ЖТМҚ бойынша не айта аласыз?
- 4) Сапаны үш деңгейлі бақылау дедіңіз, оны кім басқарады?

Куанышбекова Р. Т. :

- Мен соңғы сұрақтан бастайын. Ішкі бақылау кеңесін директор немесе емдеу ісі жөніндегі орынбасар басқарады. Оған сапа менеджменті және тәуекелдерді басқару бөлімі, сонымен қатар бөлім басшылары мен меңгерушілері, дәрігерлер кіреді. Жоғары сапаға қол жеткізу үшін біліктілікті арттыру қажет. Мысалы, біз жақында 10 мейіргерді Астана қаласына КХҒО тағлымдамадан өтуге жібердік. Менің 5 рет айтқанымнан гөрі, олардың бір рет барып көзбен көргендері дұрыс деп ойлаймын. Сол сияқты Ресейлік мамандармен шеберлік сағаттарын өткіздік, оны демеушілер арқылы ұйымдастырдық. Бұл әлі де жалғаса береді.

Жоғары технологиялық медициналық қызмет көрсету және инновациялық технологияларды енгізу - біздің мақсаттарымыздың бірі. Қазіргі таңда біз «Миниинвазивті (аз жарақаттанған) кардиохирургиялық операциялар», «Аритмологиялық араласулардағы криоабляция», «Сол жақ жүрекше құлақшасына торакоскопиялық эпикардальды қысқыш салу» сияқты оталардың жаңа инновациялық түрлерін енгізе бастадық.

9 үлкен мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізу арқылы науқастар санын азайтып, халықтың өмір жасын ұзартатынымыз сөзсіз. Алайда, сіз ойлағандай Орталықтың қажетсіз болып қалуы туындамайды. Керісінше, науқастарға көрсетілетін медициналық қызметтің сапасы жоғарылайды. Қазір 1 палатада 4-6 науқас жататын болса, ол кезде бір науқас бір палатада жатады және барлық жағдай жасалған болар еді.

Берешектен құтылу үшін Орталық құрылымын оңтайландыру керек. Науқастардың сұранысына қарай жұмыс жасау керек. Қазір барлық қызметкерлер 1,25 немесе 1,5 ставкада жұмыс жасайды. Енді өзіңіз ойлаңызшы, бір маманға 10 науқас қарау қажет болса, осы айда ол 4 науқас қараған болса, 1,25 ставка төлегеніміз дұрыс бола ма? Сондықтан, әрине қысқартулар болады, бірақ біз бір жерді қысқартсақ, екінші жерді күшейтіп жатырмыз. Науқастар Орталыққа емес, емнің сапасына қарай дәрігерге келу тиіс.

ҚКО Байқау кеңесінің төрағасы А.Ж. Несіпқалиев:

- Рахмет, Роза Тохтаналиевна! Құрметті әріптестер, егер Р. Т. Куанышбековаға сұрақтар болмаса, үміткердің құзыретін бағалауға көшуді сұраймын.

Р.Т. Куанышбековамен әңгімелескеннен кейін Байқау кеңесінің мүшелері негізгі нормативтік-құқықтық актілер, Денсаулық сақтау саласының мемлекеттік бағдарламалары, Денсаулық сақтау саласының өзекті мәселелері және оларды шешу үшін қабылданатын шаралар туралы білім деңгейі **қанағаттанарлық** деген қорытындыға келді.

Бұдан әрі А.Ж. Несіпқалиев өткізілген әңгімелесу қорытындысы бойынша дауыс беруді ұсынды.

Баяндаманы талқылағаннан кейін дауыс беруге сұрақ қойылды

1. Р.Т. Куанышбекова кәсіпорынның директоры бос лауазымына орналасуға конкурстан сәтті өтті деп танылсын.

2. Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Р. Т. Куанышбекованы Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының ШЖҚ «Қалалық кардиологиялық орталық» КМК директоры лауазымына тағайындау туралы еңбек шартын жасасу және бұйрық шығару ұсынылсын.

3. Байқау өткізу жөніндегі Байқау кеңесінің қызметін қамтамасыз ететін хатшы Ж.А.Алиева осы шешімнен туындайтын шараларды қабылдасын.

Байқау кеңесінің күн тәртібіндегі мәселе бойынша Байқау кеңесінің мүшелері дүрес берді:

«Қарсы емеспін» - 4 дауыс (Несіпқалиев А., Иманғалиева Л., Кенекеева А., Буркитбаев Е.)

«Қарсы» - 0 дауыс

«Қалыс қалды» - 0 дауыс

Ұсынылған мәселені қарап, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 149-бабын, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № ҚР ДСМ-58/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органының немесе алқалы атқарушы органы басшысының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшының бос лауазымына конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа ала отырып, **Байқау кеңесі бірауыздан ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Күн тәртібі мәселесі бойынша бірауыздан шешім қабылданды:

1. Р. Т. Куанышбекова кәсіпорынның директоры бос лауазымына орналасуға конкурстан сәтті өтті деп танылсын.

2. Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес Р. Т. Куанышбекованы Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының ШЖҚ «Қалалық кардиологиялық орталық» КМК директоры лауазымына тағайындау туралы еңбек шартын жасасу және бұйрық шығару ұсынылсын.

3. Байқау өткізу жөніндегі Байқау кеңесінің қызметін қамтамасыз ететін уақытша хатшы Ж.А.Алиева осы шешімнен туындайтын шараларды қабылдасын.

Бүгінгі отырыстың қарауына шығарылған барлық мәселелер талқыланып болғандықтан, кәсіпорынның Бақылау кеңесінің отырысы жабық деп жарияланады.

Төраға: Несіпқалиев А.Ж.
Хатшы м.а.: Алиева Ж.А.

Мүшелері:

Иманғалиева Л.

Кенекеева А.Е.

Буркитбаев Е.Ө.

